

## § 35

### ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ КУРСЫНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### 1. Қашықтықтан оқыту курсының оқу-әдістемелік кешені (ОӘК)

Қашықтықтан оқытудың негізгі әрі бастапқы ақпаратты-білім беру ортасы бұл оқу-әдістемелік кешені болып табылады.

#### ОӘК негізгі элементтері

<b>Титул парағы</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Оқу орнының аты, факультеті, кафедрасы</li><li>- Қашықтықтан оқыту курсының аты, модулі</li><li>- Авторлардың аты-жөні</li><li>- Басылым жылы</li></ul>
<b>Аннотация</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Сипаттама (курс кімдерге арналған, оның мақсаттары және міндеті қандай, тыңдаушылардың қандай білім қажеттіліктерін қанағаттандырады).</li><li>- Автор туралы ақпарат (құжаттағы тәрізді ресми емес) және байланыс мәліметтері</li></ul>
<b>Курс бағдарламасы</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Курс бөлімдерінің тізімі</li></ul>
<b>Курспен жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулық</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Теориялық бөлімнің оқытылуын, әр түрлі семинар және тәжірибелік жұмыс түрлері бойынша дайындығын көрсету, яғни курсты оқу барысында қызметтік сипаттамасын толық жазу.</li><li>- Күнтүзбелік-тақырыптық жоспар.</li></ul>
<b>Оқу материалдары</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- гипертексттер;</li><li>- дәрістер;</li><li>- мақала жинағы немесе кітаптан үзінді;</li><li>- видеофильмдер</li><li>- және т.б. кіреді</li></ul>
<b>Практикум</b>	<p>Семинарлық сабақтар</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- семинар тақырыбының тізімі;</li><li>- сабақ жоспары (талқылау сұрақтары)</li><li>- дайындыққа арналған деректер көзінің тізімі</li></ul> <p>Тәжірибелік және лабораториялық жұмыстар, іскерлік ойындар</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- тақырыптар тізімі</li><li>- жұмысты орындау үшін талаптар, құралдар, шарттар</li><li>- оқу жоспары (зерттеу сұрақтары)</li><li>- дайындыққа арналған деректер көзінің тізімі</li><li>- есеп түрі</li></ul>
<b>Бақылау үшін тапсырмалар жинағы</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- өзін-өзі бақылау үшін сұрақтар және дұрыс жауаптарымен тестілер;</li><li>- аралық тестілер;</li><li>- жеке және бақылау жұмыстары үшін тапсырмалар;</li><li>- емтихан сұрақтары;</li><li>- бітіруші және кәсіби жұмыстарының реферат тақырыптарының тізімі;</li><li>- бақылау тесттері және т.б. кіреді.</li></ul>
<b>Глоссарий</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- оқу материалының мәтінінде кездесетін анықтамалар мен термин сөздердің негізгі ағымдары;</li><li>- оқу материалында кездесетін есімнама.</li></ul>
<b>Ақпарат көзінің тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- оқу әдебиеттерінің негізгі тізімі;</li><li>- қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі;</li><li>- желілік ресурстарға сілтеме.</li></ul>

Қашықтықтан оқыту курстары үлкен емес логикалық жабық бөлімдерге (модульдерге) бөлінуі тиіс. Әр бөлім – бұл белгілі уақытта оқуға арналған арнайы білімдер мен дағдыларды қамтитын стандартты оқу өнімі, немесе курстық және бақылау жұмысы, сонымен қатар тест, сынақ және емтихан жұмыстарымен тіркелетін жұмыс сапасының сынақ бірлігі.

Гипермәтін тарау мәтнін кішірек құрылымды бірлік сабақтарына бөледі. Әр бөлім тақырыптан, ал әр сабақ тақырыпшадан құрылуы тиіс.

## **2. Қашықтықтан оқыту курсының мақсаты мен міндеті**

Жұмыстың мақсаты сіз ұмтылған соңғы нәтижені алу, қойылған мақсатқа жету үшін жасалатын жұмыс кезеңі.

### **2.1. Қашықтықтан оқыту курсымен жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулықтар**

Қашықтықтан оқыту курсының жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулық өте қажет. Қашықтықтан оқыту курсы кезінде тыңдаушылар көп уақыт өз бетімен жұмыс жасағанда, барлық оқу кезеңі басы, аяғы және тапсырманы орындау барысында туындайтын қиындығын мен сұрақтарды алдын-ала қарастыру керек. Бұл қиындықтарды болдырмау үшін курсқа әдістемелік нұсқаулық арналған.

Үйренушілердің алғашқы қадамдарын жеңілдету үшін және сіздің материалыңызбен жұмыс жасауын үйрену үшін ұстанымды келесі түрде жасаңыз:

- Компьютерге талап қою. Курспен жұмыс жасау үшін қажетті қосымша программалар. Негізгі техникалық мәселелер және оларды шешу жолдары.
- Курспен жұмыс жасаудың негізгі әдістемесі (өзіндік жұмыс, топпен жұмыс, мұғалімдермен жұмыс және т.б.)
- Курс бойынша бағдар (тапсырма негізінде бір модульден келесі модульге интерактивті сұлбасын көрсету мүмкіндігі).
- Курста қысқартылар мен белгілеуді қабылдау.
- Курстағы модульдер саны. Модуль құрылымы.
- Материалдарды оқып үйренуге шамамен уақыты.
- Оқытушы мен қарым-қатынас бойынша ұсыныстар.

Әдістемелік нұсқаулық курстың әр бір бөліміне тыңдаушының іс-әрекетін алдын-ала ескеретін нұсқама болуы керек. Әр бөлімдегі жұмысты сипаттау бойынша

- бөлімнің мақсат мен тапсырмасы;
- міндетті әдебиеттер;
- бөлім бойынша қосымша;
- орындалатын тапсырмалар мен жаттығулардың тізімі;
- мазмұнына, көлемі, көркемдеуі және бақылау тапсырмасының ұсынысына қойлатын талаптар;
- тапсырманы бағалау критерии;
- тапсырманы қабылдау, тексеру уақыты;
- бөлімдер жұмыс жасау үшін берілетін шамамен уақыты, мысалы:
  - оқу – 1,5 сағат (жақсы меңгеру үшін, материалды 4-5 бөлікке бөліңіз);
  - жеке сынақ жұмысын орындау – 4 сағат;
- көмек. Қиындық туған кезде тыңдаушы көмек алуға мүмкіндік беру. Мысалы, оқытушыға электрондық почта арқылы жіберуге мүмкіндік беретін хабарламаның форматын көрсету (хабарлама жіберу кезінде сұрақ келесі түрде болуы керек: «Тарих әдебиетінің курсы. Сұрақ»);
  - бөлім бойынша жиі қойлатын сұрақтар.

Әр бөлімді барынша түсікті қылып сипаттаңыз, максималды түрде нұсқама беріңіз. Осылайша, өзіңізді қайталанатын сұрақтардан қорғайсыз және тыңдаушылардың жаңа курста бағытталуына көмектесесіз.

Сондай-ақ, курс күнтізбесін құрастырылады және ол келесідей:

- Курс өту уақыты
- Пән бойынша бөлімдер және тақырыптардың оқыту графигі
- Есеп уақыты және түрі

- Тәжірибелік және семинар сабақтарының өту графигі
- Кеңес беру графигі

## 2.2 Оқу мәліметтері

### Гипермәтін

Бөлімнің мазмұны толық, тұтас және жүйелі түрде баяндалған. Бұл мәтінде әр оқу элементінің мазмұны ашылады. Гипермәтін ғаламторда орналасқан материалдарға да сілтеме жасауы мүмкін. Баяндау стилі негізінен – академиялық. Ақпарат барлық тапсырманы орындауға мүмкіндік беретіндей жеткілікті болу керек.

### Дәріс

Кілттік сұрақтар мен мәселені белгілеумен материалды шолу. Басқа блоктағы материалдармен байланысын көрсету. Баяндау стилі шынайы қарым-қатынасқа жуықталған, сондықтан үндеу («зер салыңыз», «ойланыңыз»), риторикалық сұрақтардан, мәселелік жағдайлардан, білімге сілтеме және тыңдаушылар тәжірибесінен құрылу мүмкін. Дәріс мәтіні тезисті немесе толық түрде ұсынылуы мүмкін және ереже бойынша жеке дара логикалық қорытынды бөліктерге бөліп қою қажет. Материалдарды ұсынудың ең байытылған түрі бұл мультимедиалық орта: дыбыс, видео, графика, мәтін, анимация және т.б. Бұл элементтер дәрістің сапасын көтеруге және тыңдаушылардың назарын аудартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, видео-, аудиожазба секілді дәріс түрлерін қолдануға да болады.

### Мақалалар немесе кітаптан үзінділер жинағы

Егер әдебиеттер жүйелі және жан-жақты толық баяндайтын материалдар көлемді баспада немесе қол жетімсіз жерде болса, онда осы түрі қолданылады.

### Ғаламтор ресурстарына сілтеме

Ғаламтор ақпараттың негізгі көзі, сондықтан қашықтықтан оқыту курстарын жасауда толық қолданылады. Қажетті курстар үшін ғаламтордағы сілтемелер басқа материалдардың жеткіліксіздігін білдіртпейді.

### Жалпылама кестелер, диаграммалар, сұлбалар, графиктер

Бұл бөлімде негізгі ақпараттар мен байланысты көрсетеді. Көптеген кесте, сұлба және диаграммамен әрлеп қоюға да болмайды. Графикалық материалдарды жасаған кезде келесі талаптар бойынша орындау керек:

- элементтердің мақсатты және мағыналық мәні және байланысы;
- олардың иерархиялық орналасуы;
- сұлбалық ұсыныстың көрінісі мен қарапайымдылығы;
- номерлеуі, тақырыптардың болуы, қысқаша түсініктеме.

### Анықтамалық материалдар

Мәселені түсіну үшін келесі сілтемелер

- статистикалық мәліметтер;
- нормативтік құжаттар;
- басқа мазмұнды блоктардан алынған кейбір мәліметтер;
- тарихи мәліметтер;
- биографиялық мәліметтер және т.б. қолданылады.

### Глоссарий

Егер мәтінде түсініксіз сөздер, көрініс, жаңа терминдер, шетелдік сөздер, мәтінді ашпайтын кейбір мазмұндар кездескенде бөлімге глоссарий қосылады.

### Әдебиеттер тізімі

Бұл тізімге аннотациялық әдебиеттер мен материалды дайындау кезінде пайдаланған әдебиеттерден басқа тыңдаушы қолдана алатын қосымша әдебиеттер тізімін енгізуге болады.

Тізімді көркемдеу әр түрлі тәсілмен жүргізіледі:

- Алфавиттік қатар бойынша автордың аты-жөні немесе кітаптың аты.
- Мәселені шешудің мағыналық реті бойынша. Маңыздылық тақырыпшамен белгіленуі мүмкін: міндетті, негізгі, қосымша.
- Модульдің тақырыптық бөлімі бойынша.

Әдебиеттер рәсімдеу мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес безендіріледі.

*Қашықтықтан оқыту курстарын құру барысында қашықтықтан оқитын тыңдаушылардың оңашалық жағдайын ескеру қажет. Материалдар арнайы түсініктермен, тыңдаушылардың қызығушылығын тудырып, процестің қиындығын автор алдын ала меңгеру қажет.*

### 2.3. Мәтін дайындығы

Мәтін – кең тараған және оңай құрылатын ақпараттың түрі, бұл кез-келген курстың негізі. Қашықтықтан оқыту курстары үшін материалдарды дайындауда бірнеше оңай ережелеріге сүйену керек:

1. Мәтін ықшамды, қиын терминдермен және қысқартулармен аса қанық болмауы керек.

2. Беттегі материалдарды бірнеше абзацқа бөліп, материалдың көлемін қысқартып бір бетте көрсету керек. Әйтпесе келесі мәселелер туындауы мүмкін:

- *Біріншіден*, «үлкен мәтін» оқырмандарды пассивті түрге алып келеді және жалықтырады. Егер олар пассивті болса, онда олардың зейіні жоқ және материалды нашар игереді. Осы екі фактор (зейінінің төмендеуі және материалды нашар игеру) курстың бағытына қарсы. Пассивті аудитория негізінен материалды толық игермейді және оқыту үрдісіне қатыспайды.

- *Екіншіден*, материал көлемі көп болған сайны, бет саны көбейеді. Бет санының көп болуы зейін қоюға кедергі келтіреді.

- *Үшіншіден*, зейін кәдімгі қалыппен эранның орталық бөлігінде орналасқан нүктелік бөлікке тартылады. Сондықтан, тыңдаушылар жоғары немесе төменде орналасқан маңызды мәселелерді жіберіп алуы мүмкін. Мәтінді айналдыру барысында, қарау кезінде маңызды тақырыпты жіберіп алуы мүмкін. Негізгі түсінік немесе ойдың экран ортасында орналасуы мінсіз болып көрсетіледі (шамамен шекараның жоғарғы төрттен бір бөлігіндей), себебі экранның осы бөлігіне зейін көбірек қойылады.

Егер оқу материалдары үлкен көлемде болса, ал ол бірнеше бөлікке бөлінбесе, онда оны архивталған файл немесе курстың кітапханасына көшіріп алатындай материал ретінде енгізіп қою керек.

3. Мәтінде гиперсілтемені соның ішінде сыртқы түрін қолданыңыз, бірақ мәтінді асыра сілтеу керек емес, өйткені тыңдаушы ақпарат бағдарынан шатасуы мүмкін.

4. Жалпы жағдайда зейінді жинақтауға және оқитын мәтіннің көлемін қысқартуға мүмкіндік беретін кесте, сұлба, график және т.б. түрлерін қолдану керек. Бұдан басқа, дыбысты, видео, анимациялық және басқада көріністер, түсініксіз кездерді анық түрде түсіндіріп, қиын модельдерді жақсы қабылдауға мүмкіндік береді.

Мәтінді түс жағынан сәйкес келетін суреттер, сұлбалар, графиктер, кестелердің түрлерін ойластырып, қандай дыбыстық, видео-файлдар және басқада материалдар арқылы толықтыруға болады.

5. Назар аудардатын екіпінді қолданыңыз. Экрандағы мәтінді көзбен шолатындай етіп келесі түрде жасаңыз:

- орналасу орны,
- түзету,
- фонды,
- шрифтын таңдау,
- жазылуы мен шрифтың бояуы (бір терезеде 3-4 артық түс болмауы тиіс).

Егер көз бірден мәтіндегі жеке-жеке сөздерді емес керісінше аяқталған фрагмент немесе абзац, толық сойлемді көрсе, онда айтарлықтай тиімді қабылдайды. Бірінғай бір стильді қолдану маңызды болып табылады.

6. Орфографияны тексеріңіз. Аздаған қателер табылып қалуы мүмкін, бірақ барлық мәтінді толығымен оқып шыққаны дұрыс, өйткені ол мәтіннің мағынасын әлсіретеді Мұқият болыңыз, орфографияны тексеретін бағдарламаға 100% сенуге болмайды.

7. Оқу материалдарын шығарып алуға мүмкін болатындай етіп жасаңыз (әр бөлімді жеке шығарып алмауы үшін. бір файлда болғаны дұрыс).

### 3. Қашықтықтан оқытудағы оқу үдерісін ұйымдастыру түрлері

Оқу үрдісін ұйымдастыру формасы немесе оқытуды ұйымдастыратын формасы - бұл білім беру үрдісінде орны, уақыты, тыңдаушылар саны, ерекше өзара байланысқан қатысушылары бар

(яғни, мұғалімдер және оқушылар) сондай-ақ, мақсатты, мазмұнды және әртүрлі технологиялардан тұратын оқу үрдісі.

Қашықтықтан оқыту курстары оқу және бақылау тапсырмаларын орындап қана қоятын құр материалдар жинағы болып қана қоймай, бұл мұғалімдер мен тыңдаушылар арасындағы шынайы диалог болуы тиіс.

Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі формалары дәріс, семинар, конференциялар екені барлығына белгілі. Бірақта қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқыту түріне өзінің ерекшелігін енгізеді.

Қашықтықтан оқыту формасын қарастырмас бұрын, ол жерге **ғаламторда қандай оқыту түрінің техникалық мүмкіндігін ұйымдастыруға болады?**

Ғаламтор қолданушылардың оқыту түрлерін үш топқа бөлуге болады:

1) **ақпаратты іздеу** –браузермен, мәліметтер базасымен, жүйелік анықтамамен және т.б. жұмыс жасау.

2) **қарым-қатынас** – электронды почта, чат, сілтемелер тізімі, online-форумдар, видеоконференциялар, ICQ және т.б.

3) **желідегі мақала** – веб-парақша жасау, сайттар құру.

Оқыту үрдісі үшін бұндай мүмкіндіктерді қалай қолдануға болатынын қарастырайық.

**Ақпаратты іздеу:**

ғаламторда ақпаратты іздеу мынадай түрдегі оқу жоспарымен жүргізіледі:

- рефераттарды жазу,
- тақырып бойынша сайтта рецензия алу,
- «қазына» іздеу,
- тақырыпқа мультимедиалық материалдар жинау,
- ғаламтордан алынған материалдардың өз мәтіндерімен суреттеу;

**Қарым-қатынас:**

- виртуалды кездесулер,
- хат алысу,
- талқылау.

**Желіде жариялау:**

- веб-квест жасау, тематикалық веб-парақша жасау
- тематикалық мәліметтер банкін жасау, мақала, бітіру жұмысын жариялау
- фотосериал және басқа мультимедиалық ресурстар жасау.

Оқытуды ұйымдастырудың келесі формалары болуы мүмкін:

**1. Дәріс.** Қашықтан оқыту жүйесінде дәрістер бірнеше түрде ұсынылады:

-аудиодәріс

-видеоконференция арқылы дәріс

-электронды дәріс

**2. Кеңес беру.** Жеке және топтық (5-7 адамнан артық емес) болады. Ол қазіргі уақытта өткізілуі мүмкін (чат, телефон, ICQ, Skype ) және кейінге шегерілген (электронды почта, форум) уақытта.

**3. Семинар** (оқытушының басқаруы мен оқу программасының тақырыбы тыңдаушылармен топтық талқылау ).

- Видеоконференциялар

- чат

- форум, көмегімен іске асады.

**4. Проекттер** (топтық, жеке зерттеу, шығармашылық, ақпараттық, техникалық база, барлық интернет сервистері).

**5. Лабораториялық-тәжірибелік сабақ.**

- Виртуалды лабораториялық практикум (экспериментке ұқсастыру)

- Қашықтағы құралдармен жұмыс (шынайы лабораториялық құрылғыларға қашықтан қол жеткізу)

**6. Жеке тапсырма** (эссе, реферат, есептер және т.б.)

**7. Бақылау** (онлайн-тесттілеу, емтихан).

**8. Ахуалдық талдау (кейс-оқыту).** Ахуалдық талдау, қабылданған шешімнің тиімді бағалануы мен нақты жағдайды кешенді зерттеуден тұрады.

#### 4. Оқу барысын бақылау түрлері

Курс дайындау барысында, оқытушы мен тыңдаушы арақатынасын қалай ұйымдастыру керек деген сұрақ туындайды. Бұл үшін дәрістерді тестілермен сүйемелдеуден бөлек, бақылау және өзін-өзі бақылау үшін топпен немесе жеке орындауға болатын тәжірибелік тапсырмаларды дайындау керек. «Тапсырма» термині кең ауқымды және есептерді шешу үшін жазба тапсырмаларды және т.б. қамтиды.

ОӘК қосуға болатын, бірнеше тапсырмаларға мысалдар келтірейік:

- *есеп шешу*. Бұл жауаптары бірден оқытушыға жіберілетін немесе қолданушыға көрінетін, интерактивті тапсырмалар болуы мүмкін;
- *реферат жазу және қорғау*: шолу рефераты, пікір рефераты (реферат электронды түрде курс желісінде орналастырылады, ал қорғау чат түрінде немесе телеконференцияда талқылау түрінде өтеді)
- *талдау* желіде бар рефераттың берілген тақырыпқа талдау жасау, оларды бағалау (қашықтықтан оқыту курсының форумында орналасады), студенттің жұмыстарының рейтингі жасалады (форумда дауыс беру);
- *желіге пікір* оқылатын тақырып бойынша және оның презентациясы (форумда немесе тарату тізімі бойынша)
- *профессионалды телеконференцияларға шолу*, өзекті мәселені талдау (жұмыс жеке қоржында орналасады);
- *«қазына іздеу»*. Оқытушы интернет желісінде документ табады (немесе тығып қояды), кілттік сөздерді қолдану арқылы, берілген мәселені басқа сөзбен құрастырып (шет тілін оқитындарға қызық тапсырма), іздеу жүйелері арқылы тыңдаушылар табулары тиіс.
- *тыңдатқызу* және тематикалық радиохабарды интернет арқылы талдау (талдау жеке қоржында орналастырылады);
- *қарап шығу* және желідегі тематикалық радиохабарды немесе видеороликті талдау;
- *берілген тақырып бойынша мультимедиа-мәліметтерінің жиынтығы*, (мәтін, мысалмен сипаттау, анимация, видео, аудио), (жұмыс топтық немесе жеке қоржында орналастырылады);
- *табылған мәтінді өзінің мультимедиа-мәліметтерімен сипаттау* (график, сұлба, кесте және т.б. );
- *сарапшымен кеңесу*. Тыңдаушылар мәлімдемелермен, осы салада сарапшы болып саналатын (сұрақтар мен жауаптар форум курсына орналастырылады) адамға хабарласа алады;
- *сауалнама жүргізу*. Тыңдаушылардың қызықтыратын тақырыбы таңдалады, мысалы, дауыс беруге қатынас, қарапайым сауалнама әдісімен немесе желідегі көпшілік адамдардан сауалнама алынады. Нәтижелер сарапталып, қалаған адамға пайдалануына беріледі, курс желісінде орналастырылады.
- *берілген тақырыпты немесе сұрақты талқылау (асинхронды телеконференцияда немесе форумда)*. Сонымен қатар тыңдаушылардың көз қарасын ескеру керек.
- *кеңес беру*. Электронды почта арқылы өтуі мүмкін. Чат түрінде өткізуге болады. Бұл жағдайда оқытушы үнемі уақыт белгілейді, желіде болатын уақытын белгілейді, мысалы, сейсенбі күні 18.00-ден 19.00-ге дейін.
- *тематикалық чат*. Ол әр түрлі сценарийге ие болуы мүмкін. Чатқа тапсырманы дайындау барысында, электронды оқулықта, талқыланатын тақырып пен талқылау сұрақтары көрсетілуі мүмкін.
- *қашықтан қатысу*. Видеоконференция тыңдаушыларға әр түрлі білім іс-шараларына қатысуға мүмкіндік береді (семинар, конференция, презентация);
- *виртуалды лабораторлық жұмыстар*. Математика, физика және басқа жаратылыстану ғылымдары пәндерінде болуы мүмкін. Қашықтықтан оқыту орталығының қызметкерлері көмегімен орындалады.
- *видеоролик пен фотосериалдар жасау*. Заманауи цифрлық фотоаппараттар берілген тақырыпқа видео немесе суреттер серияларын жасай алады. Веб-парақша, үрдісті сипаттайтын фотоальбом жасау - бұл тыңдаушыларға берілген тапсырма болуы мүмкін. Фотосериал видеороликке қарағанда, айтарлықтай аз орын алады және көп жағдайда осы операцияларды көрнекі етіп көрсетеді. Оқыту барысында және гуманитарлы пәндерде қолдануға болады, себебі олар жағдайды өрбітіп көрсетеді.

*Келтірілген тізім толық емес. Жаңа технологияға икемдеуге болатын, әр оқытушыда өзінің сүйікті тәсілі бар.*

Әр модульде екі-үштен аспайтын сынақ тапсырмалар типі қолданылады.

Желідегі оқу қызметін ұйымдастыру барысында, тыңдаушының білімін кім бағалайды деген сұрақ маңызды.

Орындалған тапсырманы тексере алады:

- **Оқытушы.** Бұл тексерудің ең ыңғайлы жолы, өйткені мұнда оқытушы мен тыңдаушының арасында жеке қатынас орын алады. Бір оқытушы бірнеше тыңдаушыны қамтуы мәселе болып табылады. Қашықтықтан оқыту курсы жүргізу тәжірибесінен, бір оқытушы желіде 20-30-дан аспайтын тыңдаушыға дәріс жүргізе алмайтынын көрсетеді.

- **Басқа тыңдаушылар.** Қашықтан оқытуда жұптық немесе топтық жазба сынақ жұмыстарын тексеру тәсілі жиі қолданылады.

- **Компьютерлік программа.** Желіде қашықтан оқытандар орындау тиіс көптеген тексеру жұмыстары, азды көпті стандартталған, оларды арнайы дайындалған компьютерлік программалар өңдей алады. Эксперимент ретінде программалау тапсырмасы бойынша ejudge жүйесін ұсынамыз.

## **5. Қашықтықтан оқыту курсы әзірлеу қадамдары**

1. Курстың мақсаты мен міндетін анықтау.

2. Арнаулы топтағы тыңдаушылардың техникалық жабдықталуының ерекшеліктерін есепке алып, арнайы жасалған курстың мақсатын ескеріп, қашықтан оқытудың әдістемесін таңдау.

3. Оқу үрдісін ұйымдастыру, оқытушы мен тыңдаушының қарым-қатынас тәсілі, сабақтың түрі мен формасы.

4. Құрылымдау және оқу материалын дайындау. Курсты тарауға бөлу және тарау мазмұнын сабақтың (модуль) мағынасына қарай бөлу. Курс желіде жақсы баяндалғанмен, сонымен қоса ыңғайлы түрде құрылуы тиіс.

5. Сценариді жүзеге асыру. Әр модульге сәйкес тыңдаушыларға тараудың тақырыбы, мәтін, суреттер, кесте, графиктер, дыбыс және видеолар және т.б. (мазмұнға сай) көрсету формасы іріктеліп алынады.

6. Медиафрагменттерді дайындау. Эргономикалық көз қарас тұрғысынан әр модульдің үйлесімі; эргономика талабына сай суреттер, кесте, сұлба, сызба және видеоларда өңделеді.

7. Әдебиет тізімі және интернет ресурстарына гиперсілтемелер (электронды дүкендердің және электронды кітапханалардың берілген тақырыптар бойынша ең үздік желілердің тізімі) интернет желісіндегі ішкі және сыртқы мәліметтер қорына, әр модульдер үшін гиперсілтемелер іріктеліп алынады. Курс авторы үшін сыртқы гиперсілтемелерді таңдау қиын тапсырма. Желідегі нақты құжатқа таңдалған сілтеме, тыңдаушыны интернетте мәлімет іздеу қажеттілігінен құтқарады. Нақты бет парақшасына-қордың қажеттілігіне сай, сипаттамасы бар сілтемені орналастыру. Курсты ең үздік әлемдік мәліметтер қорыларымен байланыстырады.

8. Сертификаттау, бағалау және тексеру жүйесі. Бақылау сұрақтары, модельдеу тапсырмалары, рефераттар, курстық жұмыстар, есептер, мәтіндер таңдау, білдіртпе құрастыру. Алынған біліммен дағдыны бекіту тәсілі кері байланыспен жүзеге асады.

9. Курсты оқу бойынша әдістемелік материалдарды жасау, курс күнтізбесін өңдеу.

10. Қашықтықтан оқыту жүйесінде курс материалын орналастыру.

11. Курсты тестілеу, сонымен қоса әр түрлі экранда және әр түрлі браузерлерде тестілеу.

12. Курсты мақұлдау.

Мақұлдау нәтижелері бойынша курсты жаңалау.